

		Товарищество с ограниченной ответственностью «Национальная морская судоходная компания «Казмортрансфлот»	
Құжаттың атауы: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық			
Құжат түрі: ББЖ Нұсқаулығы		Код: KMTF-IM-174.1-07	14-тен 1 бет
Әзірлеген: Комплаенс-офицер Е.С. Мырзахан		Тексерген: Комплаенс-офицер Е.С. Мырзахан	Бекітілді «Казмортрансфлот» ҰТҚК ЖШС Қадағалау кеңесінің 2026 жылғы «26» 06 № 84-26/5K хаттама
« 05 » наурыз 20 26 ж.		« 05 » наурыз 20 26 ж.	



СОДЕРЖАНИЕ

1.	ҚҰЖАТТЫҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	2
2.	ҚОЛДАНУ АЯСЫ.....	2
3.	АЙҚЫНДАМАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	3
4.	ЖАУАПКЕРШІЛІК.....	4
5.	РӘСІМДЕРДІҢ СИПАТТАМАСЫ.....	4
6.	НӘТИЖЕЛІЛІК КРИТЕРИЙЛЕРІ.....	13
7.	ҚҰЖАТТАРҒА СІЛТЕМЕ.....	13

1. ҚҰЖАТТЫҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Нұсқаулық «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2-тармағына, квазимемлекеттік сектордың субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгі ереженің 15-тармағының 1) тармақшасына, «ҚазМұнайГаз» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес әзірленді.

1.2. Нұсқаулық «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС (бұдан әрі – ҚТКФ) қызметкерлеріне арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары жүйесінің шеңберінде заңнаманың ережелерін және ҚТКФ ішкі нормативтік құжаттарын (бұдан әрі – ІНҚ) іске асыруға бағытталған ұсынымдар мен іс-қимыл алгоритмдерінің жүйесін белгілейді.

1.3. ҚТКФ Басқармасы мен Қадағалау кеңесі қызметкерлерге жоғары этикалық стандарттарды сақтау мен ілгерілету және сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісін қабылдамау бойынша үлгі көрсете отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесіне қатысты көшбасшылық пен міндеттемелерді көрсетеді.

1.4. ҚТКФ қызметкерлері өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесінде көзделген шектеулер мен тыйымдардың, мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу жөніндегі талаптардың, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнаманың және ішкі нормативтік құжаттардың сақталмау жағдайлары туралы хабардар ету жөніндегі міндетті мүлтіксіз сақтауы тиіс.

1.5. ҚТКФ қызметі ҚТКФ атынан немесе мүдделерінде әрекет ететін барлық қызметкерлер мен өзге де тұлғалар үшін «нөлдік төзімділік» *(сыбайлас жемқорлықты кез келген нысанда және көріністе қабылдамау)* қағидатына негізделеді.

2. ҚОЛДАНУ АЯСЫ

2.1. Нұсқаулықты барлық қызметкерлер мен лауазымды тұлғалар орындауы керек.

2.2. Нұсқаулық мыналарға қолданылады:

2.2.1. ҚТКФ;

2.2.2. ҚТКФ еншілес ұйымдары (бұдан әрі - ЕҰ);

2.2.3. осындай бірлескен кәсіпорын мен қауымдастырылған ұйымның басқа акционерлерінің/қатысушыларының қарсылықтары болмаған кезде ҚТКФ бірлескен кәсіпорындары мен қауымдастырылған ұйымдары.

2.3. Егер ЕҰ ішкі нормативтік құжаттарында немесе олардың орналасқан елдерінің заңнамасында Нұсқаулық ережелеріне қарағанда неғұрлым қатаң талаптар белгіленсе, онда еншілес ұйымдардың ІНҚ ережелері немесе заңнама талаптары қолданылады.

2.4. Нұсқаулықты еншілес ұйымдарда, ҚТКФ бірлескен кәсіпорындарында, бірлесіп бақыланатын және қауымдастырылған ұйымдарында қолдану ұқсас нұсқаулықтарды әзірлеу және бекіту немесе ішкі нормативтік құжаттарды осы Нұсқаулыққа сәйкестендіру арқылы, қызметтің ерекшеліктері мен спецификасын ескере отырып

	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық	
ББЖ Нұсқаулығы	KMTF-ІМ-174.1-07	14-тен 3 бет

жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте, осындай ұқсас ІНҚ-да көзделген талаптар осы Нұсқаулықта белгіленген деңгейден төмен болмауы тиіс.

3. АЙҚЫНДАМАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Пара	лауазымды тұлғаның пара берушінің немесе ол өкілдік ететін адамдардың пайдасына жасалған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) осы адамның қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса немесе ол өзінің лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал ете алатын болса, сондай-ақ жалпы қамқорлығы немесе жол беруі үшін өзі немесе басқа адамдар үшін жеке өзі немесе делдал арқылы алатын ақшасы, бағалы қағаздары, өзге де мүлкі, мүлікке құқықтары немесе мүліктік сипаттағы пайдасы
Лауазымды тұлға	мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектінде басқарушылық функцияларды орындайтын адам – көрсетілген ұйымдарда ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік шаруашылық функцияларды тұрақты, уақытша не арнаулы өкілеттік бойынша орындайтын адам
Сыбайлас жемқорлық	мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды тұлғалардың өздеріне немесе үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе алу мақсатында өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және олармен байланысты мүмкіндіктерді заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтар беру арқылы аталған адамдарды параға сатып алуы
Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық	сыбайлас жемқорлық белгілері бар, заңмен әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік белгіленген құқыққа қарсы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік)
Сыбайлас жемқорлық тәуекелі	сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау ықтималдығы
Мүдделер қақтығысы	мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) лайықты

	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық	
ББЖ Нұсқаулығы	KMTF-ІМ-174.1-07	14-тен 4 бет

	түрде орындамауына әкеп соғуы мүмкін. Қоғамның мәнмәтінінде – қызметкердің жеке пайдасы немесе қызметі Қоғамның мүдделеріне қайшы келетін немесе олармен қайшылыққа түсе алатын кез келген жағдай
ҚМГ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
ҚР	Қазақстан Республикасы
Қызметкер	Қоғаммен еңбек қатынастарында тұрған және еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын жеке тұлға, сондай-ақ еңбек функцияларын іс жүзінде орындайтын немесе Қоғамның атынан немесе мүдделерінде, оның ішінде аутстаффинг, ақылы қызметтер көрсету шарты (кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын), іссапарға жіберу және өзге де нысандар шеңберінде әрекет ететін тұлға

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК

- 4.1. Қоғамның барлық қызметкерлері осы Нұсқаулықта сипатталған рәсімдердің орындалуына жауапты болады.
- 4.2. Қоғамның лауазымды тұлғалар қарамағындағы қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу жөніндегі лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе лайықты түрде орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіптік жауаптылықта болады.
- 4.3. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған Қоғам қызметкерлері, мәртебесі мен лауазымына қарамастан, заңда белгіленген жауаптылыққа тартылады.
- 4.4. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпарат берген қызметкер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

5. РӘСІМДЕРДІҢ СИПАТТАМАСЫ

5.1. Пара беру немесе бопсалау жағдайында қызметкерлердің іс қимыл алгоритмі

5.1.1. Парақорлық сыбайлас жемқорлықтың анағұрлым тән, қауіпті және кең таралған көрінісі болып табылады. Пара алу, пара беру және паракорлыққа делдал болу Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің күші қолданылатын заңға қайшы әрекеттер болып табылады.

5.1.2. Мыналар пара болуы мүмкін:

1) **заттар:** ақша, оның ішінде валюта, банк чектері мен бағалы қағаздар, бағалы металдар мен тастардан жасалған бұйымдар, автомашиналар, тамақ өнімдері, техника, тұрмыстық аспаптар, пәтерлер, саяжайлар, қала сыртындағы үйлер, гараждар, жер учаскелері және басқа да тауарлар;

2) **қызметтер:** емдеу, жөндеу және құрылыс жұмыстары, санаторий және туристік жолдамалар, шетелге саяхат және ақысыз немесе төмендетілген бағамен көрсетілетін басқа да қызметтер;

3) **мүлікке құқық:** тұлғаға мүлікке иелік ету, пайдалану немесе билік ету құқығын беру. Мысалы, автокөлікті басқару құқығына сенімхат беру, жылжымайтын мүлікті сату және т.б.

4) **басқа да пайдалар:** берілетін мүліктің құнын төмендету, жалдау немесе абоненттік төлемдерді азайту немесе жою, жеңілдетілген кредиттер, әртүрлі дисконттық немесе клубтық карталар беру, ойын-сауық және басқа да шығындарды өтеусіз немесе төмендетілген бағамен төлеу;

5.1.3. Пара берудің бүркемеленген (жасырын) түрлері де бар: қарызға немесе жоқ қарызды өтеу түрінде банктік несие беру, төмендетілген бағамен сатып алынған тауарларға ақы төлеу, тауарларды жоғары бағамен сатып алу, пара алушыға, оның туыстарына, достарына жалақы төлей отырып, жалған еңбек шарттарын жасасу, қызмет ақысын жоғарылату, казинода «кездейсоқ» ұтыс алу, қарызды кешіру және т.б.

5.1.4. Пара алудың дербес белгілері ретінде заң шығарушы жалпы қамқорлық немесе салғырттық енгізді. Жалпы қамқорлыққа, атап айтқанда, орынсыз көтермелеуге, лауазымын кезектен тыс негізсіз жоғарылатуға, қажеттіліктен туындамаған өзге де әрекеттер жасауға байланысты әрекеттер жатқызылуы мүмкін. Салғырттыққа, мысалы, лауазымды тұлғаның пара берушінің немесе оның өкілі болып табылатын адамдардың қызметтік қызметінде жіберілген кемшіліктер немесе бұзушылықтар үшін шаралар қабылдамауы, оның құқыққа қайшы әрекеттеріне жауап бермеуі жатады.

5.1.4. Егер мүліктік игіліктер лауазымды тұлғаның туыстары мен жақындарына оның келісімімен берілсе немесе ол бұған қарсылық білдірмесе және өзінің қызметтік өкілеттіктерін пара берушінің пайдасына пайдаланса, лауазымды тұлғаның әрекеті пара алу ретінде сараланады.

5.1.5. Пара беруді ұсынған немесе бопсалаған жағдайда Қоғам қызметкеріне:

1) параны қабылдауға (беруге) дайындық немесе оны беруден үзілді кесілді бас тарту ретінде пайымдала алатын ағат сөздерге жол бермей, абайлап, өзін сыпайы ұстауға;

2) ұсынылған шарттарды мұқият тыңдау және нақты есте сақтау (сомалардың мөлшері, тауарлардың атауы және қызметтердің сипаты, параны беру мерзімі мен тәсілдері, пара беру нысаны, мәселелерді шешу кезектілігі);

3) пара затын беру уақыты мен орны туралы мәселені келесі әңгімеге қалдыруға және тағы да кездесу үшін жақсы таныс орынды ұсынуға тырысу;

4) әңгімелесуде бастамашылық етпеу, ықтимал пара алушыға (пара берушіге) «бәрін айтуға» мүмкіндік беру, мүмкіндігінше көбірек ақпарат беру;

5) диктофон болған жағдайда – пара алу немесе оны бопсалау туралы ұсынысты жасырын жазуға тырысу;

6) осы Нұсқаулықтың 5.4-тармағында көзделген алгоритмге сәйкес жазбаша немесе ауызша түрде басшылыққа және Комплаенс қызметіне дереу хабарлау.

5.1.6. Параны ұсынудың немесе алуға дайын болудың кейбір жанама белгілері:

1) ықтимал пара туралы әңгіме астарлы сипатқа ие, пара берушінің (пара алушының) сөзі бір буынды сөйлемдерден тұрады, онда мәселе оң шешілген кезде оған ақша беретіндігі немесе қандай да бір қызмет көрсететіндігі туралы ашық мәлімдемелер жоқ. Мұнда ешқандай түзу сызықты өрнектер қолданылмайды. «Мәселені шешу қиын, бірақ шешуге болады», «Бұл шешілетін сұрақ», «Рақметпен қарын тоймас», «Келісерміз», «Келісеміз», «Салмақтырақ негіздер керек», «Қарызда қалмаспын», «Рақметімді айтамын», «Талқылауға болады», «Ал, енді не істейміз?» және т.б.;

2) әңгімелесу барысында пара беруші (пара алушы) куәгерлер немесе аудио, бейне-техника болған кезде, ишаратпен немесе мимикамен бұл мәселені басқа жағдайда (басқа уақытта, басқа жерде) шешу мүмкіндіктерін талқылауға дайын екенін білдіреді;

3) параның сомасы немесе сипаты айтылмайды; бұл ретте тиісті цифрлар бір парақ қағазға жазылуы, калькуляторда немесе ұялы телефонда терілуі және ықтимал пара алушыға (пара берушіге) көрсетілуі мүмкін;

4) пара беруші күтпеген жерден әңгімені үзіп, қандай да бір болмасын сылтаумен материал салынған папканы, конвертті, портфельді, түйіншекті қалдырып, бөлмеден шығып кетуі мүмкін;

5) пара беруші (пара алушы) байланысты жалғастыруды мәселені шешуге тікелей қатысы жоқ басқа адамға жолдауы мүмкін.

5.1.7. Келуші кеткеннен кейін жұмыс орнында немесе жеке заттарында қандай да бір болмасын бөгде заттар табылған жағдайда, қызметкер өз бетімен ешқандай әрекеттер жасамай, тікелей басшыға және Комплаенс қызметіне дереу хабарлауы тиіс.

5.1.8. Ықтимал арандатушылыққа жол бермеу үшін Қоғам қызметкерлері өз қызметін жүзеге асыру кезінде қызметтік үй-жайларды және жеке заттарды (киім-кешек, портфельдер, сөмкелер және басқалар) қараусыз қалдырмауы тиіс.

5.2. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың өзге де түрлері

5.2.1. Сондай-ақ сыбайлас жемқорлық қылмыстарына, парақорлықтан басқа, лауазымды тұлға жасаған мынадай іс-әрекеттер, егер олар оның өзінің қызметтік жағдайын пайдалануымен ұштасып жатса:

1) иемдену немесе ысырап ету (кінәліге сеніп тапсырылған бөтен мүлікті жымқыру);

2) алаяқтық (алдау немесе сенімді теріс пайдалану арқылы бөтен мүлікті жымқыру);

3) лауазымдық өкілеттіктерін теріс пайдалану (пайда табу мақсатында қызмет мүдделеріне қарсы жасалған іс-әрекеттер);

4) лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдалану (айтарлықтай зиян келтіруге әкеп соққан, құқықтары мен өкілеттіктерінің шегінен анық асып түсетін әрекеттер);

5) қызметтік жалғандық (лауазымды тұлғаның пайда табу мақсатында ресми құжаттарға көрінеу жалған мәліметтер енгізуі);

б) қызмет бойынша әрекетсіздік (лауазымды тұлғаның пайда табу мақсатында өзінің қызметтік міндеттерін орындамауы).

5.2.2. Әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға мыналар жатады:

1) егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, жеке немесе заңды тұлғалардың мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдарға заңсыз материалдық сыйақы, сыйлықтар, жеңілдіктер немесе қызметтер көрсетуі;

2) егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) осы адамның қызметтік өкілеттіктеріне кірсе, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамның оларды берген адамдардың пайдасына әрекеттер (әрекетсіздік) жасағаны үшін жеке өзі немесе делдал арқылы заңсыз материалдық сыйақы, сыйлықтар, жеңілдіктер немесе қызметтер алуы;

3) квазимемлекеттік сектор субъектілері басшыларының бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып жұмысқа қабылдауы, сондай-ақ олардың одан әрі жұмыс істеуіне жол беруі.

5.2.3. Осы Нұсқаулықтың 5.2-тармағында көрсетілген құқық бұзушылықтардың кез келгені анықталған немесе олар туралы мәліметтер болған жағдайда, қызметкер осы Нұсқаулықтың 5.1.5-тармағында белгіленген алгоритмдерді, оның ішінде ішкі ақпараттандыру бөлігінде басшылыққа алуға міндетті.

5.3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын жағдайлар мен іс-әрекеттер және оларды болдырмау жөніндегі талаптар

5.3.1. Осы Нұсқаулықты іске асыру мақсатында мынадай жағдайлар мен Қоғам қызметкерлерінің әрекеттері (әрекетсіздігі), бірақ олармен ғана шектелмей, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудырады деп танылады:

1) кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне негізсіз кедергі келтіру, араласу;

2) өзінің немесе өзге де тұлғалардың материалдық мүдделерін қанағаттандыруға байланысты мәселелерді шешу кезінде өзінің лауазымдық өкілеттіктерін пайдалану;

3) жұмысқа орналасу және мансаптық өсу кезінде заңда көзделмеген артықшылықтар (протекционизм, туыстық) беру;

4) шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде жеке және (немесе) заңды тұлғаларға артықшылық беру;

5) кез келген адамға кәсіпкерлік және табыс табумен байланысты өзге де қызметті жүзеге асыруға заңнамада немесе ішкі нормативтік құжаттарда көзделмеген кез келген жәрдем көрсету;

6) егер лауазымдық функцияларды орындау кезінде алынған ақпарат ресми таратуға жатпаса, оны жеке немесе топтық мүдделерде пайдалану;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, жеке және заңды тұлғаларға ақпарат беруден негізсіз бас тарту немесе оны кешіктіру, дәйекті немесе толық ақпарат бермеу;

8) жеке немесе заңды тұлғалардан олардың ұсынуы заңнамада немесе ішкі нормативтік құжаттарда көзделмеген ақпаратты талап ету;

9) лауазымды тұлғаларға аталған адамдардың лауазымдық өкілеттіктерін пайдалана отырып мүліктік пайда, игілік немесе артықшылық алу үшін сыйлықтар беру және қызметтік емес қызметтер көрсету;

10) жеке немесе заңды тұлғаларға құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруда айқын кедергі келтіру;

11) егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, адам тиісті функцияларды орындамайтын ұйымдардан, сондай-ақ жеке тұлғалардан өзінің лауазымдық функцияларын орындағаны үшін ақша, көрсетілетін қызметтер және өзге де нысандар түрінде кез келген сыйақы алу;

12) өзінің лауазымдық функцияларын орындауға байланысты қызметкерлерден және жұмысына байланысты оларға тәуелді өзге де адамдардан жалпы қамқорлығы немесе жеңілдік жасағаны үшін сыйлықтар немесе қызметтер қабылдау;

13) жеке және заңды тұлғалардың есебінен мемлекетішілік және шетелдік туристік, емдік-сауықтыру және өзге де сапарларға шақыруларды қабылдау;

14) кредиттер, несиелер алу, бағалы қағаздар, жылжымайтын мүлік және өзге де мүлік сатып алу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген артықшылықтарды пайдалану.

5.3.2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын жағдайларға жол бермеу мақсатында Қоғамның барлық қызметкерлері:

1) лауазымдық міндеттерін адал және жоғары кәсіби деңгейде атқаруға;

2) егер артықшылық беру заңда немесе ішкі нормативтік құжаттарда тікелей көзделмесе, лауазымдық міндеттерін атқару кезінде қандай да бір азаматтарға, топтар мен ұйымдарға артықшылық бермеуге, жекелеген адамдардың, азаматтардың, топтар мен ұйымдардың ықпалынан тәуелсіз болуға;

3) лауазымдық міндеттерді атқару кезінде лауазымдық міндеттерді адал орындауға кедергі келтіретін қандай да бір болмасын жеке, мүліктік (қаржылық) және өзге де мүдделердің ықпалымен байланысты әрекеттерді болдырмауға;

4) қызметтік, кәсіби этика нормаларын және іскерлік іс-қимыл қағидаларын сақтауға;

5) лауазымдық міндеттердің объективті орындалуына күмән тудыра алатын іс-қимыл жасамауға, сондай-ақ өзінің беделіне және Қоғамға нұқсан келтіре алатын жанжалды жағдайларға жол бермеуге;

6) мүдделер қақтығысының туындауына жол бермеу және туындаған мүдделер қақтығысын реттеу жөнінде заңнамада көзделген шараларды қабылдауға;

7) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік және мемлекеттік емес органдар мен ұйымдардың, лауазымды тұлғалардың, кәсіпкерлік субъектілерінің, азаматтардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайын пайдаланбауға міндетті.

5.3.3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын жағдайлардың туындауына жол бермеу мақсатында Қоғамның барлық қызметкерлеріне, атқаратын лауазымы мен атқаратын функцияларына қарамастан, заңда және ішкі нормативтік құжаттарда көзделген өзге де шектеулермен қатар:

1) өздерінің қызметтік өкілеттіктерін пайдалана отырып, әрекеттер (әрекетсіздік) жасағаны үшін жеке және заңды тұлғалардан тікелей немесе жанама, жеке өздері немесе делдалдар арқылы кез келген сыйақы (ақша, қызметтер, сыйлықтар, жеңілдіктер) алуға немесе талап етуге;

2) Қоғамның мүлкі мен ресурстарын (үй-жайлар, көлік, жабдықтар, ақпарат және т.б.) жеке мақсаттарда және қызметтік емес пайда алу үшін пайдалануға;

3) лауазымдық міндеттерін орындауға байланысты белгілі болған қызметтік немесе құпия ақпаратты жария етуге немесе жеке немесе топтық мүдделерде пайдалануға;

4) Қоғамның мүдделерін емес, жеке мүдделерін басшылыққа ала отырып, шешімдер қабылдауға немесе шешімдердің қабылдануына ықпал етуге;

5) жеке ұнату, ұнатпау немесе пайдакүнемдік ниет негізінде жеке және заңды тұлғаларға негізсіз артықшылықтар немесе кедергілер жасауға;

6) егер бұл Қоғаммен мүдделер қақтығысына әкеп соқтырса, кәсіпкерлік қызметпен айналысуға немесе коммерциялық ұйымдарды басқаруға қатысуға тыйым салынады.

5.3.4. Қызметкерлерге олардың шынайы ниеттеріне қарамастан, пара беруді сұрау, тұспалдау немесе оған итермелеу ретінде түсіндірілуі мүмкін кез келген сөздерден, әрекеттерден, ұсыныстардан немесе талқылаулардан аулақ болу ұсынылады. Үшінші тұлғалармен қарым-қатынас кезінде лауазымды тұлғаның адалдығы мен бейтараптығына күмән тудыруы мүмкін тақырыптарды қоспағанда, қарым-қатынастың барынша сыпайылығын, бейтараптығын және іскерлік стилін сақтау керек.

5.3.5. Айналадағы адамдар кейбір сөздерді, сөз тіркестері мен ишаратты пара беру туралы өтініш (ишара) ретінде қабылдауы мүмкін. Мұндай сөз тіркестеріне, мысалы, осы Нұсқаулықтың 5.1.6-тармағында көрсетілген сөз тіркестері жатады.

5.3.6. Ұйымдардың өкілдерімен және жеке тұлғалармен, әсіресе олардың пайдасы лауазымды тұлғаның шешімдері мен іс-әрекеттеріне тәуелді адамдармен белгілі бір тақырыптарды талқылау пара беру туралы өтініш ретінде де қабылдануы мүмкін. Мұндай тақырыптардың қатарына мысалы:

- жалақының төмен деңгейі және белгілі бір қажеттіліктерді жүзеге асыруға ақша қаражатының жетіспеушілігі;

- қандай да бір болмасын мүлікті сатып алу, қандай да бір болмасын қызметті алу, туристік сапарға шығу ниеті;

- туыстары мен достарының жұмысының жоқтығы; балалардың білім беру мекемелеріне түсу қажеттілігі.

5.3.7. Лауазымды тұлға білдірген кейбір ұсыныстар, әсіресе олар өздерінің шешімдері мен іс-әрекеттеріне байланысты пайдасы бар ұйымдардың өкілдері мен азаматтарға бағытталған болса, пара беру туралы өтініш ретінде қабылдануы мүмкін. Тіпті мұндай ұсыныстар ізгі ниетпен жасалса да және мұндай тұлғаның жеке пайдасына ешқандай қатысы болмаса да, бұл мүмкін. Мұндай сөйлемдер қатарына, мысалы, мынадай сөйлемдер жатады:

- лауазымды тұлғаға және (немесе) оның туыстарына жеңілдік беру;

- анықталған бұзушылықтарды жою, жұмыстарды орындау, қажетті құжаттарды дайындау үшін нақты компанияның және (немесе) сарапшылардың қызметтерін пайдалану;

- нақты қайырымдылық қорына ақша салу;

- нақты спорттық команданы қолдау және басқалары.

5.4. Сыбайлас жемқорлық сипатындағы жағдай кезінде қызметкерлердің ақпараттандыру бөлігіндегі іс-қимыл алгоритмі

5.4.1. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар және сыбайлас жемқорлық сипатының белгілері бар жағдайлар анықталған және/немесе олармен тап болған кезде қызметкерлер дереу, бірақ бір тәуліктен кешіктірмей, осы Нұсқаулықта және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында көзделген тәртіппен хабардар етуі тиіс.

5.4.2. Қызметкерлер сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар және сыбайлас жемқорлық сипатындағы жағдайлар туралы хабарламаларды жіберу мақсатында Қоғамда көзделген бастамашылықпен ақпараттандыру арналарын¹, оның ішінде Қоғамның ресми сайтының басты бетінде орналастырылған «Жедел желінің» байланыс деректерін пайдаланады немесе тиісті тұлғаға тікелей (ауызша немесе жазбаша түрде) жүгінеді, осы мақсатта ішкі ақпараттандырудың мынадай алгоритмі белгіленеді:

1) департаменттердің, қызметтердің қызметкерлері құрылымдық бөлімшенің басшысына және Комплаенс қызметіне хабарлайды;

2) құрылымдық бөлімшелердің басшылары Басқарманың жетекшілік ететін мүшесіне және Комплаенс қызметіне хабарлайды;

3) Басқарма төрағасының орынбасарлары, Басқарма төрағасына немесе Қоғамның Директорлар кеңесіне тікелей бағынысты құрылымдық бөлімшелердің басшылары Басқарма төрағасына және Комплаенс қызметіне хабарлайды.

5.4.3. Егер болжамды құқық бұзушылықты ақпаратты хабарлауы тиіс адам жасаса немесе қызметкерде аталған адамдардың хабарламаны қарау объективтілігіне қатысты негізделген алаңдаушылықтар болса немесе стандартты тәртіпті сақтау кезінде күмән туғызатын өзге де себептер бойынша қызметкер осы Нұсқаулықтың 5.4.2-тармағында белгіленген тәртіпті сақтамай, Комплаенс қызметіне және/немесе жоғары тұрған басшыға тікелей жүгінуге құқылы.

5.4.4. Дайындалып жатқан, жасалып жатқан немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы ақпаратқа ие қызметкер кез келген уақытта тиісті мемлекеттік органдарға тікелей, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жазбаша немесе ауызша хабарламамен жүгінуге құқылы (ескертпе – 1424 Call-орталығы).

5.4.5. Хабарламада (болған жағдайда) мыналар туралы мәліметтер қамтылуы тиіс:

1) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты кім (аты-жөні, лауазымы, ұйымның атауы) жасады немесе сыбайлас жемқорлық сипаттағы жағдаймен кім (аты-жөні, лауазымы, ұйымның атауы) байланысты;

2) құқық бұзушылықтың немесе жағдайдың сипаты қандай, мән жайлары қандай, жасалған әрекеттер (әрекетсіздік), жасалған уақыты, орны, тәсілі, жоспарланған құқық бұзушылық туралы әңгіме мазмұны және т.б.;

3) заңсыз сыйақының түрі, сомасы, мөлшері қандай, ақшаны немесе өзге де игіліктерді тікелей беру қай уақытта, қай жерде және қалай жүзеге асырылуы тиіс;

4) қолда бар дәлелдемелік база (куәгерлер, құжаттар, хат алмасу, оның ішінде мессенджерлер арқылы, аудио- және бейнематериалдар мен басқалары).

5.4.6. Тікелей және жоғары тұрған басшылар хабарламаларды тиісті түрде қарастыруы және құқық бұзушылықтар мен тәуекелдер туралы кедергісіз ақпарат бере алатын, сондай-ақ алаңдаушылық білдіре алатын қызметкерлер үшін ашық жұмыс ортасын көтермелеуі тиіс.

5.4.7. ҚТКФ ҚР заңдарына сәйкес сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы келіп түскен хабарлама бойынша шаралар қабылдауға міндетті.

1) ҚТКФ-да комплаенс функциясының ақпараттық жүйесінде тіркелген өтініштерді қарау және ішкі тергеулер жүргізу регламенті қолданылады, оның мақсаты сыбайлас жемқорлық мәселелері бойынша өтініштерді уақтылы, жан-жақты, әділ, объективті және тәуелсіз қараудың бірыңғай жүйесін құру болып табылады..

5.4.8. Қызметкердің хабарламасын қарау нәтижелері бойынша қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық құрамының жеткілікті белгілері анықталған жағдайда, «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС бастамашылықпен ақпарат беру саясатында көзделген тәртіппен материалдарды құқық қорғау органдарына жіберу туралы шешім қабылданады.

5.5. Кепілдендірілген қорғау шаралары

5.5.1. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзге де тәсілмен жәрдемдескен (көмектескен) адам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттің қорғауында болады және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ынталандырылады.

Мемлекет кепілдік берген қорғау шаралары адамды еңбек қатынастары саласындағы құқықтар мен заңды мүдделердің бұзылуынан қорғауды, сондай ақ ақпаратты жария етпеу туралы келісім болған кезде адамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдемдесу мақсатында жүгінгені туралы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуді қамтиды.

5.5.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдемдесу мақсатында қызметкердің жоғары тұрған басшыға, Қоғамның басшылығына және Комплаенс қызметіне және (немесе) уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгінуі туралы ақпарат, көрсетілген ақпаратты жария етпеу туралы келісім жасалған жағдайда, құпия ақпарат болып табылады. Көрсетілген ақпаратты жария ету Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

5.5.3. Қызметкер сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлау мақсатында жүгінген кезде, Қоғам қызметкермен оның ниеті болған жағдайда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдемдесу туралы ақпаратты жария етпеу туралы келісім жасасуға міндетті.

	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық	
ББЖ Нұсқаулығы	KMTF-ІМ-174.1-07	14-тен 12 бет

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда жәрдем көрсету туралы ақпаратты жария етпеу туралы келісім жасасу қағидаларын және оның нысанын уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді.

5.6. Заңнама нормаларының бұзылуына, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне әкеп соғатын тапсырмалар алған жағдайда Қоғам қызметкерлерінің іс-қимыл алгоритмі

5.6.1. Заңнама нормаларының бұзылуына әкеп соғатын немесе сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар тапсырманы орындау үшін алған жағдайда, тапсырманы орындаушы 1 (бір) жұмыс күні ішінде Басқарма төрағасының жетекшілік ететін орынбасарын және Қоғамның комплаенс қызметін хабардар етуі қажет.

5.6.2. Хабардар ету кейіннен Тапсырманы орындау негізділігі мен тапсырманы орындаудың сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы Қоғам Басқармасының төрағасына хабарлау және жеткізу мақсатында жүргізіледі.

5.6.3. Қоғам қызметкері қарамағындағы қызметкерлерді заңнаманы бұзуға, құқыққа қарсы теріс қылықтарға немесе жалпы қабылданған моральдық-этикалық іс-қимыл нормаларына сәйкес келмейтін әрекеттер жасауға мәжбүрлеу ретінде қабылдануы мүмкін әрекеттерді жасаудан аулақ болуға міндетті.

5.7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер және мүдделер қақтығысын болдырмау

5.7.1. Қоғамның лауазымды тұлғалары, сондай-ақ көрсетілген лауазымдарға кандидат болып табылатын адамдар өз өкілеттіктерін жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерде пайдалануға жол бермеуге бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауға міндетті. Шектеулерді қабылдауға келісімді Адами ресурстарды басқару департаменті жазбаша нысанда тіркейді.

5.7.2. Лауазымды тұлғаларға Заңда белгіленген, мемлекеттік функцияларды орындаумен үйлеспейтін қызметті жүзеге асыруға тыйым салынады. Лауазымды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қоғаммен үлестес болып табылатын Қоғамның басқару органдарында, байқау кеңестерінде, ЕТҰ атқарушы органдарында және өзге де заңды тұлғаларда ақы төленетін лауазымдарды атқаруға құқылы.

5.7.3. Лауазымды тұлғаларға олардың жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары атқаратын лауазымдарға тікелей бағынысты лауазымдарды атқаруға, аталған адамдардың тікелей бағыныстылығында болуға, сондай-ақ аталған адамдармен бір басқару органында (байқау кеңесінде, атқарушы органда) лауазымдарды атқаруға тыйым салынады.

5.7.4. Мемлекеттік функцияға теңестірілген функцияларды орындауға байланысты лауазымға кандидат осы ұйымда жұмыс істейтін жақын туыстары, жұбайы мен жекжаттары туралы Қоғам басшылығына жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

5.7.5. Қоғамның қызметкерлері (және олардың отбасы мүшелері) жалпы қабылданған сыпайылық пен қонақжайлылық нормаларына сәйкес немесе Қоғамның Іскерлік этика кодексінде белгіленген хаттамалық және өзге де ресми іс-шараларды

	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық	
ББЖ Нұсқаулығы	KMTF-ІМ-174.1-07	14-тен 13 бет

өткізу кезінде символдық ілтипат белгілері мен символдық кәдесыйларды қоспағанда, өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау үшін олар тиісті функцияларды орындамайтын заңды ұйымдар мен жеке тұлғалардан ақша, бағалы сыйлықтар, қызметтер және өзге де нысандардағы сыйақыны қабылдауға құқылы емес.

5.7.6. Қызметкердің рұқсатынсыз келіп түскен сыйлықтарды өтеусіз тапсыру алгоритмі *«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС мен оның ЕТҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясатында* белгіленген.

5.7.7. Қызметкерлер мүдделер қақтығысы туындауының кез келген мүмкіндігін болдырмау бойынша шаралар қабылдауға, сондай-ақ Комплаенс қызметіне туындаған мүдделер қақтығысы туралы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы оған бұл туралы белгілі болғаннан кейін жазбаша нысанда хабарлауға міндетті.

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС мен оның ЕТҰ қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясаты мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу бойынша шаралар қабылдау алгоритмдерін белгілейді.

6. НӘТИЖЕЛІЛІК КРИТЕРИЙЛЕРІ

6.1. Сыбайлас жемқорлық фактілері туралы келіп түскен хабарламаларды тіркеу толықтығы барлық келіп түскен хабарламалардың 100%-ын құрайды.

6.2. Реттелген мерзімде қаралған өтініштердің пайызы 80% құрайды.

6.3. Қызметкерлердің ҚТКФ көзделген бастамашылықпен ақпарат беру арналары туралы хабардарлығы 50%-ды құрайды.

6.4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері ҚТКФ қызметкерлерінің кемінде 50% деңгейінде сыбайлас жемқорлық көріністері туралы хабарлауға дайындығын тіркейді.

7. ҚҰЖАТТАРҒА СІЛТЕМЕ

2015 жылғы 18 қаашдағы №410-V Қазақстан Республикасының Заңы	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы
Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2023 жылғы 11 мамырдағы №153 бұйрығы	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылға жәрдемдесу туралы ақпаратты жария етпеу туралы келісім жасасу қағидаларын және оның нысанын бекіту туралы
KMTF-PT-114.1-13	«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС мен оның ЕТҰ қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясаты
KMTF-PT-151.1-07	Бастамашылықпен ақпарат беру саясаты
KMTF-RL-153.1-07	Комплаенс функциясының ақпараттық жүйесінде тіркелген өтініштерді қарау және ішкі тергеу жүргізу регламенті



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық

ББЖ Нұсқаулығы

KMTF-IM-174.1-07

14-тен 14 бет

KMTF-PT-109.2-13

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС
мен оның ЕТҰ-ның Сыбайлас
жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
саласындағы саясаты

KMTF-CD-115.1-07

Іскерлік этика кодексі